



## **«Kaspi Bank» АҚ-тың электрондық банктік қызмет көрсету ережелеріне енгізілген ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы «05» желтоқсандағы №2018/12-102 хаттама) «Kaspi Bank» АҚ-тың электрондық банктік қызмет көрсету ережелеріне (бұдан әрі – **Ережелер**) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1.1. Ереженің «Электрондық банктік қызметтерді алу тәсілдері» атты 17-бөлімінің 5-1-тарауының («Мемлекеттік қызметтерге қолжетімділік беру талаптары») 2-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік қызметтерді тиісті уәкілетті органдар заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетеді. Банк Клиентке Мобильді қосымша арқылы, соның ішінде электрондық үкімет шлюзі, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік қызметтерге, COVID-19 ауруының және/немесе өзге де түрлерінің бар-жоғына жүргізілген тестілеудің нәтижелерін жинауды және өңдеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ҚР ДСМ АЖ (Ashyq) арқылы Клиенттің тәуекел рейтингі (бұдан әрі - Мәртебе) туралы ақпарат алуға қолжетімділік беру үшін ақпараттық және техникалық өзара әрекет етеді және олардың көрсетілуі және уәкілетті органдардың әрекеті үшін жауапкершілік атқармайды.».

1.2. «Электрондық банктік қызметтерді алу тәсілдері» атты 17-бөлім мына редакциядағы «Мобильді қосымша арқылы ҚР ДСМ АЖ-дан (Ashyq) Мәртебе алу тәртібі» атты 5-4-тараумен толықтырылсын:

« **5-4-тарау. Мобильді қосымша арқылы ҚР ДСМ АЖ-дан (Ashyq) Мәртебе алу тәртібі**

1. ҚР ДСМ АЖ-дан (Ashyq) алынған Клиенттің Мәртебесі туралы ақпарат Клиент кіргісі келетін мекемеге орнатылған QR-кодты Клиенттің сканерлеуі арқылы кіруді тіркеген кезде (бұдан әрі – Кіруді тіркеу) немесе Мобильді қосымшаның тиісті бөлімінде Мәртебе беру функциясын қолдану арқылы беріледі.

2. Мәртебе ҚР ДСМ АЖ-дан (Ashyq) түрлі түсті форматта беріледі: жасыл мәртебе келушіде аурудың бар-жоғына жүргізілген тестінің теріс екенін білдіреді; көк мәртебе - аурудың бар-жоғына жүргізілген тестінің нәтижелері жоқ екенін білдіреді, Клиент ауырғандармен байланыста болғандардың қатарында жоқ деп саналады; сары мәртебе - Клиенттің деректер базасында ауырғандармен байланыста болғандардың қатарында тіркелгенін білдіреді; қызыл мәртебе – Клиенттің тестілеу нәтижелері бойынша аурудың оң нәтижесімен деректер базасында тіркелгенін білдіреді.

3. Клиент Кіруді тіркей отырып, Клиентке «қызыл» немесе «сары» мәртебе берілген жағдайда, Кіруді тіркеген мекеменің тиісті мемлекеттік органға өзінің келгені туралы хабарлауға өзінің келісімін береді.

4. ҚР ДСМ АЖ-дан (Ashyq) Мобильді қосымша арқылы алынған Мәртебе туралы ақпарат Мобильді қосымшаның экранына шығарылады және Банкте сақталмайды.

5. Мобильді қосымшада Кіруді тіркеу үшін қажетті әрекеттерді орындай отырып, Клиент Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің 273-бабына сәйкес медицина жұмыскерінің құпиясын құрайтын мәліметтерді жинауға, өңдеуге, қол жеткізуге және беруге келісімін береді.».

\*\*\*